

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Қазынашылығын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 26 қаңтар. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Республикалық бюджетті атқару процесінде кірісі мен шығысын тиімді басқару, мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыруда жеделдікті арттыру, мемлекеттік қаржының түсуін, мақсатты әрі үнемі пайдаланылуын бақылауды күшейту мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі құрамында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас қазынашылық басқармасынан, оның облыстар, Алматы және Ленинск қалалары, аудандар, қалалар мен қалалардағы аудандар бойынша аумақтық органдарынан тұратын Қазынашылық органдарының орталықтандырылған жүйесі құрылсын.

Бас қазынашылық басқармасының бастығы сонымен қатар лауазымы бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бірінші орынбасары болып табылады, оны Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық органдары республикалық бюджеттің кассалық атқарылуын және ақшалай қаржысының басқарылуын, Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы мемлекеттік берешегінің қозғалысын есепке алу мен оған қызмет көрсетуді, республикалық бюджет пен мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың арасындағы қаржы қарым-қатынасының реттелуін жүзеге асырады.

Қаржы министрлігінің Қазынашылық органдарын қалыптастыру толық аяқталғанға дейін қолданылып жүрген заңға сәйкес республикалық бюджетті кассалық атқару Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісінде сақталсын.

3. Қазынашылық органдарға:

- республикалық бюджеттің қаржысын есептеуге, аударуға және пайдалануға байланысты ақшалай және басқа құжаттарды министрліктерде, ведомстволарда, кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде тексеру;

- республикалық бюджеттен бөлінетін және өз мақсатында пайдаланылмаған қаржыны кәсіпорындардан, ұйымдар мен мекемелерден дау-дамайсыз тәртіппен бюджетте алып қою /қайтарып алу/;

- республикалық бюджеттің кірісіне түсетін қаржыны немесе республикалық бюджеттен алушылардың шотына тиісті банкілерге немесе қаржы-кредит

мекемелеріне аударылатын қаржыны уақтылы есептемеген жағдайда қолданылып жүрген заңдарға сәйкес банкілерге немесе өзге де қаржы-кредит мекемелеріне санкциялар қолдану құқығы берілсін.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бір ай мерзімде:

- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық органдарын ұйымдастыру және олардың қызметінің мәселелері бойынша қаулы қабылдап, ережені және қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің шарттарын бекітсін;

- Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының Қазынашылық органдарына республикалық бюджетті кассалық атқару функцияларын, оларға банкілер мен өзге де қаржы-кредит мекемелерінде тексеру жүргізу және республикалық бюджетті атқарумен өзара қарым-қатынасы бар кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің шоттарының жай-күйі туралы олардан мәлімет алу құқығын беруге қатысты бөлігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне ұсыныс енгізісін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

А л м а т ы . 1 9 9 4 ж ы л ғ ы 2 7 қ а ң т а р

N 1526